**«Қазақстан темір жолы»**
**ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы**

**Филиал акционерного общества**
**«Национальная компания «Қазақстан темір жолы» -**
**«Дирекция магистральной сети»**

Басқарма Төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасарының – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының міндетін атқарушы 2021 жылғы «23» шілде №188-ЦЖС бұйрығымен бекітілген

# Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды және үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алуға) қағидасы
**3.0 редакция**

| | |
|---|---|
| Құжаттар тобы: | Операциялық құжаттама |
| Әзірлеген: | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Вокзал шаруашылығы департаменті |
| Құжатты талдау және өзекті сипат беру үшін жауапты: | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Вокзал шаруашылығы департаменті |

**Нұр-Сұлтан – 2021 ж.**

**Мазмұны**

| | | |
|---|---|---|
| **1** | **Түсініктер мен қысқартулар.................. .................................** | **4** |
| **2** | **Жалпы ережелер ..... ..... .......................................................** | **8** |
| **3** | **Объектілерді мүліктік жалдауға беру тәртібі.................................** | **8** |
| **4** | **Конкурс ұйымдастырушының қызметі............................... ...........** | **9** |
| **5** | **Конкурс комиссиясын құру және құрамы...................................** | **10** |
| **6** | **Конкурстық комиссияның хатшысы..... .......................................** | **11** |
| **7** | **Конкурс өткізу бірінші кезеңін жариялау................ ..... ..................** | **12** |
| **8** | **Объектілік конкурс .................................................................** | **13** |
| **8.1** | **Жалпы ережелер.........................................................................** | **13** |
| **8.2** | **Конкурстық өтінімді дайындау және мазмұны .................................** | **14** |
| **8.3** | **Конкурстық өтінімді ресімдеу........................................................** | **15** |
| **8.4** | **Конкурстық өтінім салынған конверттерді мөрлеу және таңбалау...** | **16** |
| **8.5** | **Конкурстық өтінімдерді ұсыну орны және соңғы мерзімі...........................................................................................** | **17** |
| **8.6** | **Конкурстық өтінімдерді қайтарып алу...............................................** | **17** |
| **8.7** | **Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурс комиссиясының ашуы................................................................... .....** | **17** |
| **8.8** | **Конкурстық өтінімдерді салыстыру.................................................** | **18** |
| **8.9** | **Жеңімпазды анықтау және алаңдарды қызмет үшін мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) шартын жасау ........................................................... ....................................** | **19** |
| **8.10** | **Конкурсқа түспей қалған Объектілер бойынша әрекет.....................** | **19** |
| **9** | **Мүліктік жалдау объектілерін бірыңғай операторға беру. .............** | **21** |
| **9.1** | **Жалпы ережелер. . . ......................................................................** | **21** |
| **9.2** | **Конкурстық өтінімді дайындау және мазмұны ...................................** | **22** |
| **9.3** | **Конкурстық өтінімді ресімдеу......................................... ..................** | **25** |
| **9.4** | **Конкурс өтінімдері салынған конверттерді мөрлеу және таңбалау** | **25** |
| **9.5** | **Конкурстық өтінімді беру орны және соңғы мерзімі.... .....................** | **26** |
| **9.6** | **Конкурстық өтінімдер бар конверттерді конкурстық комиссияның ашуы.......................................................................... .........................** | **26** |
| **9.7** | **Конкурстық өтінімдерді салыстыру ................................ ...................** | **27** |
| **9.8** | **Жеңімпазды анықтау және алаңдарды қызмет үшін мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) шартын жасау...................................................................................................** | **28** |
| **9.9** | **Конкурсқа түспей қалған Объектілерге қатысты шаралар.............** | **29** |
| **10** | **Конкурстық қорытындылары бойынша мүліктік жалдау объектісін мүліктік жалдау (жалға беру) шарттарын** | |

| | | |
| --- | --- | --- |
| | **жасасу.........................................................................................................** | **30** |
| **11** | **Тасымалдау процесіне байланысты қызметке мүліктік жалдау объектісін беру тәртібі..............................................................** | **31** |
| **12** | **Коммерциялық мемлекеттік ұйымдар үшін мүліктік жалға беру (жалдау) объектілерін беру тәртібі және шарттары.............. ..............** | **31** |
| **13** | **Ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсетуді және теміржол вокзалдарының/вокзал кешенінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым үшін мүліктік жалға беру объектілерін беру тәртібі.........................................................................................** | **32** |
| **14** | **Бірыңғай оператормен шарттардан басқа мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұзақмерзімді шартын жасау тәртібі мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) шартын жасау.............................................** | **32** |
| **14.1** | **Ұзақ мерзімді мүліктік жалдау шартын жасасу туралы өтініштерді қарау тәртібі немесе мүліктік жалдау объектілерінің шарттарының мерзімін ұзарту.....................................................** | **34** |
| **14.2** | **Мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұзақ мерзімді әрекет мерзімін анықтау немесе мүліктік жалға беру объектісінің мүліктік жалдауға (жалға алуға) шарттарының мерзімін ұзарту.........................................................................** | **35** |
| | 1-қосымша Конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасы.................................................................................... | **38** |
| | 2-қосымша Объектілік конкурс/Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттама............................................................................................ | **40** |
| | 3-қосымша Объектілік конкурс/Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттама........................................................................................ | **42** |
| | 4-қосымша Объектілік конкурс/Бірыңғай операторларүшін конкурстың бірінші кезеңдегі конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім.................................................................................... | **44** |
| | 5-қосымша Объектілік конкурс/Бірыңғай операторларүшін конкурстың екінші кезеңдегі конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім......................................................................................... | **46** |
| | 6-қосымша Конверттерді толтыру үлгісі............................................. | **47** |
| | 7-қосымша Кепілдік жарнаны қайтаруға өтінішті толтыру................. | **48** |

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды және үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алуға) қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 08 желтоқсандағы № 266-II Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген Теміржол вокзалдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықты актілеріне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида Вокзал кешенін қоса теміржол вокзалдарының алаңдарын және үй-жайларды мүліктік жалдауға беру (жалға алу) тәртібін белгілейді.

3. Тасымалдау жүйесіне байланысты, теміржол вокзалдарындағы жайлар мен аумақтар заңды және жеке тұлғаларға коммерциялық қызметке және қызмет үшін алаңды мүлікті жалға алу (жалға беру) бойынша, сондай-ақ Теміржол вокзалдарының қауіпсіздігі үшін беріледі.

**1. Түсініктер және қысқартулар**

1. Қағидада келесі түсініктер мен қысқартулар қолданылады:

| | | |
|---|---|---|
| «ҚТЖ» ҰК» АҚ | - | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы; |
| Дирекция | - | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы; |
| Вокзал шаруашылығы департаменті | - | Вокзал шаруашылығының жұмысына жауапты Дирекцияның құрылымдық бөлімшесі; |
| НЖС | - | «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары - магистральдық желі бөлімшелері; |
| ЛЖС | - | «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Астана теміржол вокзал кешені» филиалы |
| Теміржол вокзалы | - | ғимараттар, құрылыстар кешені (жолаушылар платформасын, вокзал өтпелерін және вокзал маңы аумағын қоса алғанда) және халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, класына қарай жүк багажын қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған басқа да мүліктер кешені; |
| Вокзал кешені | - | «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешені |

| | | |
|---|---|---|
| объект | - | «ҚТЖ» ҰК» АҚ теңгеріміндегі немесе сенімді басқаруындағы, теміржол вокзалының ғимаратында және аумағында орналасқан, коммерциялық қызмет үшін заңды және/немесе жеке тұлғаларға, тасымалдау процесімен байланысты қызмет көрсету үшін тасымалдау процесіне қатысушыларға, сондай-ақ коммерциялық емес мемлекеттік ұйымдарға жалдауға берілетін алаңдар және/немесе үй-жайлар; |
| шарт | | мүлікті жалдауға беру (жалға алу) шарты |
| Ұзақ мерзімді шарт | - | 12 (он екі) айдан ұзақ мерзімге жасалған мүлікті жалдауға беру (жалға алу) шарты |
| ҚТҮЖ | - | тасымалдау процесімен байланысты қызметке мүліктік жалдауға берілетін объект ретіндегі қызметтік-техникалық үй-жай |
| Коммерциялық қызмет | - | жалға алушылардың жолаушыларға өтеулі негізде қосымша қызметтер көрсету есебінен табыс алуға бағытталған әрекеті |
| СҚ | | сметалық құжаттама |
| Объектілік Конкурсты/Бірыңғай операторлар үшін конкурсты ұйымдастырушы | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның атынан Дирекция – кластан тыс және 1 класты вокзалдар бойынша, сондай-ақ ЛЖС вокзал кешені бойынша |
| Ең төменгі тарифтік мөлшерлеме (баға) | - | мүліктік жалдауға берілетін объектілердің бірліктерімен/аудандарымен белгіленген жалға алу құнының есептік бірлігі |
| Конкурсқа қатысушы | - | Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті жүргізу тәртібі заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелген, конкурсқа қатысатын заңды немесе жеке тұлға |
| Объектілік конкурс | - | Жылжымайтын мүлікті жалға берудің жеке объектілері бойынша өткізілетін конкурсқа қатысушылардың ішінен ең жақсыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | анықтау рәсімі; |
| Бірыңғай оперторлар үшін конкурс | - | Жылжымайтын мүлік объектілерінің бір лоты бойынша өткізілетін бірыңғай операторлар конкурсына қатысушылар арасынан ең жақсы қатысушыларды анықтау рәсімі; |
| Конкурс | - | Объектілік конкурс және бірыңғай операторлар үшін конкурс |
| Конкурстық құжаттама | - | Конкурсты өткізу шарттары және тәртібі туралы мәліметті құрайтын құжаттама |
| Конкурстық комиссия | - | Конкурс өткізуге уәкілетті комиссия, Дирекцияның бірінші басшылығының бұйрығымен бекітілген – кластан тыс және 1 классты вокзалдарына, ЛЖС - вокзал кешені бойынша бірінші басшылығының бұйрығымен бекітілген; |
| Конкурс жеңімпазы | - | өтінімі осы Қағиданың талаптарына сәйкес ең үздік деп танылған, конкурс қатысушысы |
| Жалға беруші | - | Дирекция/НЖС/ЛЖС |
| Жалға алушы | - | Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті жүргізу тәртібі заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелген, коммерциялық қызмет жүргізу үшін жалға берушімен мүліктік жалға беру (жалға алуға) шартын жасаған, конкурсқа қатысатын жеке/заңды тұлға; |
| Әлеуетті жалға алушы | - | Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті жүргізу тәртібі заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелген, жалға берушімен объектіні мүліктік жалға беру шартын жасауға ниет білдірген жеке/заңды тұлға; |
| Өтінім беруші | - | Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасымен тіркелген, тасымалдау процесімен байланысты қызмет көрсету үшін тасымалдау процесіне қатысушы тұлға; |
| Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары | - | коммерциялық үй-жайдың және/немесе алаңның жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамды жай-күйін және/немесе оның жұмысын (күшейту, қайта құру, қайта |

| | | |
|---|---|---|
| | | жоспарлау, қайта жабдықтау, жетілдіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, түрлендіру, реставрациялау, сондай-ақ архитектуралық көркін және (немесе) қала құрылысы аспектілерін өзгерту) қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені; |
| Тарифтік саясат департаменті | - | тарифтік мөлшерлемелерді (бағаларды) әзірлеуге, бекітуге және келісуге уәкілетті, Дирекцияның құрылымдық бөлімшесі; |
| Индекстеу (инфляция) пайызы | - | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болжамдайтын, инфляцияның жыл сайынғы деңгейінің коэффициенті; |
| Табыстылық | - | ұйымның инвестициялық және басқа да қажеттіліктерін іске асыру үшін белгіленетін, өндірістік қызметтің экономикалық тиімділігінің көрсеткіші; |
| Коммерциялық емес мемлекеттік ұйым | - | егер Қазақстан Республикасының заңдарымен қосымша қаржыландыру көздері белгіленбеген болса, басқарушы, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы басқа функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекет құрған және тек қана бюджеттің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінің есебінен (шығыстар сметасы) жұмыс істейтін мемлекеттік мекеме, сондай-ақ «Азаматтар үшін үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы; |
| Бірыңғай оператор | | Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртібімен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда, Теміржол вокзалының барлық бірлескен коммерциялық жалдау шарты бойынша Жалға берушімен мүліктік жалға беру шартын жасасуға ниет ететін заңды және жеке тұлға; |
| Мердігер | | Теміржол вокзалдарының, ғимараттары мен құрылыстарының (құралдар) қауіпсіздігін (тексеру қызметі, нысанды қорғау) жәнеқызметін (техникалық, сервистік және тазалық қызметін) қамтамасыз ететін |

| | |
|---|---|
| | мердігерлік мекеме; |
| Қоймалық үй-жай | мақсаты жалға алушының тауарларын, тауарлық-материалдық құндылықтарын және басқа да мүлігін сақтау болып табылатын мүліктік жалдау обьектісі. |
| Мүліктік жалдау (жалға алу)шартын ұзарту - | Қолданыстағы мүліктік жалдау шартын ұзарту |

**3. Объектілерді мүліктік жалдауға беру тәртібі**

5. Объектіні мүліктік жалға беру (жалдау) келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) Дирекция/ЛЖС ең төменгі тарифтік мөлшерлемелер (бағалар) бойынша бекіткен коммерциялық қызметке класстан тыс вокзалдардың және 1-классты вокзалдардың алаңдары мен үй-жайларын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі нысандық байқау өткізу арқылы;

2) Дирекция ең төменгі тарифтік мөлшерлемелер (бағалар) бойынша бекіткен класстан тыс теміржол вокзалдарында және 1-классты теміржол вокзалдарында бірыңғай операторлар үшін байқау өткізу арқылы;

3) вокзал кешенінде бірыңғай операторлар үшін ЛЖС бекіткен ең төменгі тарифтік мөлшерлемелер (бағалар) бойынша байқау өткізу арқылы;

4) барлық Теміржол вокзалдарындағы жайларды бекітілген Ең төмен тарифтік мөлшерлемелері (бағалары) бойынша әлеуетті жалға алушылардың өтініштерін Мангистау, Бейнеу және 2,3-классты теміржол вокзалдарында барлық типтегі өндірістік ғимараттарды комерциялық қызметке НЖС/ЛЖС-та қарастыру арқылы;

5) барлық Теміржол вокзалдарындағы жайларды бекітілген Ең төмен тарифтік мөлшерлемелері (бағалары) бойынша әлеуетті жалға алушылардың СҚЖ бойынша өтініштерін НЖС/ЛЖС-та қарастыру арқылы;

6) бекітілген Ең төмен тарифтік мөлшерлемесіне (бағасына) сәйкес, коммерциялық емес мекемелерден аумақтар мен жайларды жалға алу бойынша түскен өтініштерін НЖС/ЛЖС-та өз бетімен қарастыру арқылы;

6. Осы Қағиданың 5-тармағынан алып тастау арқылы, кірісті жоғалтпау мақсатында Дирекция объектілік конкурс өткізбей-ақ мүлікті жалға беру (жалға алу) шартын жасауға құқылы;

1) вокзал кешенінде, кластан тыс Теміржол вокзалдарында, 1 класс Теміржол вокзалдарында жеке объектілер үшін (банкоматтар, постаматтар, төлем терминалдарының барлық түрлері, өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған автоматтандырылған төлем кассалары, қайырымдылық объектілері, баннерлер

және мемлекеттік мекеменің ақпараттық дүңгіршектері), мақсатқа арналған объектілер «офистік жайлар», «қойма жайлары», «қосымша жайлар», «дәріхана», «есеп-кассалық бөлімшелері немесе ақша айырбастау», «шаштараз» және жарнамалық сипаттағы ақпаратты орналастыру үшін объектілерде (баннерлер, LED-экрандар, ақпараттық дүңгіршектер және басқа да жарнамалық сипаттағы). Бұл ретте, Вокзал кешені, кластан тыс теміржол вокзалдарында, 1 класс теміржол вокзалдарында жарнамалық сипаттағы ақпаратты орналастыру үшін объектінің жобасы мен орналасу орны Вокзал шаруашылығы департаментімен келісілу қажет;

2) отандық өндірушілерге, сонымен бірге брендтелген, арналған нысандар бойынша.

3) конкурстық құжаттамада көрсетілген Жалға алушылармен (соңғы 2 (екі) жылда дебиторлық қарызы жоқ) НЖС/ЛЖС және Дирекция алдында, сол объектілерге мүліктік жалға алу (беру) шарты жасалынған, сондай-ақ Конкурс қорытындыларын шығарғанға дейінгі мерзімге әлеуметті Жалға алушымен (жалға алушы болмаған жағдайда) келісім-шарт жасалынған;

7. Осы Қағидалардың 5-тармағынан тыс болып табылатын:

1) облыстық маңызы бар қалалардағы және туристік аймақтардағы кез келген теміржол вокзалдарында өндірістік және әлеуметтік қажеттілік туындаған кезде Дирекция нысандық байқау өткізетін жағдай;

2) Дирекцияның тиісті бұйрығын шығару кезінде НЖС нысандық байқауын өткізу жағдайы

## 4. Конкурс ұйымдастырушының қызметі

8. Конкурс ұйымдастырушысы:

1) конкурс құжаттарын әзірлейді (мүліктік жалға беру Объектілерінің орналасу сызбасын (лот), объектілердің техникалық сипаттамасын, мүліктік жалға алу Объектісінің ең төменгі тарифтік мөлшерлемесін (бағасын) келісіледі;

2) Конкурстың болатын орны және мерзімін белгілейді;

3) мүліктік жалға беру (жалға алу) Объектілерінің ең төменгі тарифтік мөлшерлемесін (бағасын) келісіледі/бекітеді;

4) Конкурстың комисияның құрады;

5) Конкурстың өткізілуін және ұйымдастыруын бағытын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) мүліктік жалға алу (жалға беру) шартын жасау үшін Конкурстың жеңімпазын анықтайды және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

7) қағидада көрсетілген өзге де құқықтар мен өкілеттіктерге ие;

9. Ең төменгі тарифтік мөлшерлемесі (бағасы) келесі бағалық қағидаттарға негізделеді:

1) объектіні мүліктік жалдау келісім-шарты мерзімінің аяқталу кезінде, индекстеу пайызын ескере отырып, объектіні мүліктік жалдау шартының мерзімі аяқталған шартта қызмет көрсету құны деңгейінде ең төменгі тарифтік мөлшерлемеде (бағада) белгіленеді.

2) Мүліктік жалға алу (жалға беру) шартының пайдасыздығына байланысты, мүліктік жалға алу (жалға беру) келісім-шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, мүліктік жалдау құны мен кірістілігін ескере отырып, ең төменгі тарифтік мөлшерлеме (бағасы) белгіленеді;

3) жылжымайтын мүлікті жалдаудың ұзақ мерзімді шарттарында жылжымайтын мүлікті жалдаудың ең төменгі тарифтік мөлшерлемесін шығындар мен пайдалылық деңгейіне көтеруді ескере отырып, қайта қарау кезінде, ең төменгі тарифтік мөлшерлемесінің (бағасы) жоғарылауы индекстеу пайызын пайдалана отырып, мүлікті жалдау шартының қолданылу мерзімі ішінде біркелкі жүзеге асырылады.

## 5. Конкурс комиссиясын құру және құрамы

10. Вокзал шаруашылығы департаменті/НЖС кластан тыс теміржол вокзалдарына, 1 класс теміржол вокзалдарына, ЛЖС-вокзал кешеніне Конкурстың құжаттарын әзірлейді және конкурс комиссиясының құрамымен келісіліп, Дирекция/ЛЖС/НЖС. директорымен бекітеді.

11. Конкурс комиссиясының құрамына төраға, төраға орынбасары, конкурс комиссиясының мүшелері және дауыс беру және шешім қабылдау құқығынсыз тәуелсіз бақылаушылар. Конкурс комиссиясының жалпы саны тақ болуы керек, бірақ 5 (бес) адамнан кем болмауы керек.

Конкурс комиссиясы құрамының мүшелерінің отырысы барысында жалпы санының көпшілік дауысы берілген болса, конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданылады және қабылданылған болып есептеледі. Егер тең болған жағдайда, шешім Конкурстық комиссия төрағасының, ал ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген болып саналады.

Конкурс комиссиясының отырысы комиссяи құрамының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және хаттама рәсімделіп, оған қатысушы комиссия құрамы және комиссия хатшысы қол қояды. Конкурстық комиссия құрамының кез келген мүшесі конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, өзінің ерекше пікіріне құқығы болады, ол шешім жазбаша түрде баяндалып, отырыс хаттамасына тіркелуі қажет.

Конкурстық комиссия құрамының мүшелерінің бірінде мүдделік дау-дамай болғанда, аталған тұлға ол туралы конкурс комиссиясының төрағасына және хатшысына ескертеді және ашық конкурстың бірінші кезеңінің

қорытынды хаттамасында ол туралы жазылады. Бұл ретте ол тұлға конкурстық комиссияның шешімін қарауға және қабылдауына қатыспайды.

12. Конкурс комиссиясының хатшысы конкурс комиссиясының мүшесі болып табылмайды және конкурс комиссиясы шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

13. Егер конкурс комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда, оның өкілеттігі конкурс комиссиясының басқарушысы болып табылатын орынбасарына жүктеледі. Егер конкурс комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда (демалыста/ іс-сапарда/еңбекке жарамсыз демалыста), оның қызметі Дирекция/ЛЖС/НЖС басшылығымен белгіленген, вокзал шаруашылығы Департаментінің қызметкеріне/ЛЖС/НЖС жүктеледі.

14. Конкурстық комиссия құрамына тәуелсіз бақылаушылар ретінде (дауыс беру құқығынсыз және шешім қабылдау мүмкіндігінсіз) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтар (одақтар), қадағалаушы және жергілікті атқарушы органдар өкілдері енгізілуі тиіс.

Көрсетілген ұйымдар және мекемелер белгіленген тәртіппен конкурс құрамына енгізу үшін кандидатура туралы ақпарат бермеген жағдайда және (немес) келмей қалған жағдайда, олардың қатысуынсыз, конкурс комиссиясының отырысы өткізіле береді.

**6. Конкурстық комиссияның хатшысы**

15. Конкурстың өткізілуіне және оның ұйымдастырылуына жауапты конкурс комиссиясының хатшысы, келесі міндеттерді атқарады:

1) Конкурстың өткізілуі туралы хабарландыру жариялау жұмыстарын ұйымдастыру;

2) Конкурсқа қатысушылардан конкурс өтінімі бар конвертті қабылдайды;

3) Конкурсты өткізу үшін барлық қажетті құжаттарды және материалдарды дайындайды;

4) ашық конкурсқа тәуелсіз бақылаушылар ретінде қатысу үшін кандидатура ұсынысын тапсыру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдеріне, қоғамдық бірлестіктерге және қауымдастықтарға (одақтарға), қадағалаушы және жергілікті атқарушы органдар өкілдеріне жазбаша хат жолдайды

5) осы Қағиданың 1, 2, 3-қосымшарына сәйкес ашық конкурсты өткізген соң, комиссия отырысының хаттамасын рәсімдейді;

6) келіп түскен конкурс өтінімдерін және конкурсқа қатысуға ниет білдіретін конкурсқа қатысушыларды тіркейтін журнал жүргізеді;

7) Конкурс комиссиясының отырысында конверттерді ашуды жүргізеді.

Егер конверт ашылған және құжаттарды алып алуға мүмкіндік беретін өзге де сырттай зақымдары болса, байқауды өткізу мезетіне дейін құжаттаманы алып қою мүмкіндігіне жол беретін жағдайда, сондай-ақ хабарландыруда белгіленген уақыттан кейін өтінім берілген жағдайда, конкурстық комиссия хатшысының еркін түрде тиісті актіні жасай отырып, конкурс өтінімін қабылдаудан бас тартады және одан әрі тіркеуден бас тартуға құқығы бар;

Дирекция хат-хабарларды жеткізу қызметтерінің (пошта экспедициясы және т. б.) уақтылы және сапасыз жұмысы үшін жауапты емес.

16. Келіп түскен конкурстық өтінімдерді және конкурсқа қатысушыларды тіркеу журналында келесі ақпараттар мазмұндалуы тиіс:

конкурстық өтінімдердің келіп түскен уақыты және күні;

конкурсқа қатысушының атауы;

конкурстық өтінімдері бар конверттердің саны;

теміржол вокзалының атауы;

конкурсқа қатысушының және/немесе конкурсқа қатысушының заңнамамен белгіленген тәртіпте уәкілетті өкілінің (конкурстық өтінімдері бар конверттерді ұсынған және конкурсқа қатысатын тұлғалар) тегі, аты, әкесінің аты.

Келіп түскен конкурстық өтінімдерді және конкурсқа қатысушыларды тіркеу журналы тігілген, парақтары нөмірленген, соңғы парағы Дирекция/ЛЖС-тің тиісті үлгідегі мөрімен расталуы тиіс.

## 7. Конкурс өткізу бірінші кезеңін жариялау

17. Конкурс өткізу бірінші кезеңін жариялау «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың ресми сайтында (www.railways.kz), сондай-ақ конкурс өткізілетін күнінен кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын хабарлама «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сайтына сілтемесімен республикалық мерзімдік басылымда жариялануы тиіс.

18. Республикалық мерзімдік басылымда конкурс бірінші кезеңін өткізу хабарламада келесі ақпаратты құрауы тиіс:

конкурс ұйымдастырушының атауы;

Конкурстың өткізілу күні және уақыты;

Конкурстың өткізілу орны;

мүлікті жалдауға беру (жалға алу) үшін конкурсқа шығарылатын объектілер орналасқан теміржол вокзалының атауы;

осы Қағидамен толық танысу үшін интернет ресурсындағы сілтеме.

19. Ресми сайтта орналастырылған, конкурс бірінші кезеңін өткізу туралы хабарландыруда келесі ақпараттар мен құжаттар болуы тиіс:

өтінімді қабылдау орны мен мерзімі;

конкурстың өткізілетін күні мен орны;

ЛЖС / Дирекцияның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген байқау құжаттамасы (орналастыру сызбасы, техникалық ерекшелік, ең төменгі тарифтік мөлшерлеме және басқалар);

типтік мүлікті жалға беру (жалға алу) келісім-шарты;

Дирекция бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының теміржол вокзалдарында көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну тәртібі;

осы Қағида;

ашу хаттамалары, Конкурстың бірінші және екінші кезеңінің хаттамалары (Конкурстың екінші кезеңін өткізу туралы хабарламасы және Конкурстың екінші кезеңінің шешімін жариялау кезінде).

**8. Объектілік конкурс**

**8.1. Жалпы ережелер**

20. Объектілік Конкурс екі кезеңде өткізіледі. Конкурстың әр кезеңінің қорытындысы конкурс комиссиясының барлық мүшелері мен тәуелсіз бақылаушылармен қол қойылып, хаттама ретінде рәсімделеді және хаттамаға қол қойылған күннің келесі күнінен кешіктірмей, хатшы оны «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның сайтына жариялайды. Конкусртың бірінші кезеңінің қорытындылары осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес, конкурстың екінші кезеңі осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

21. Конкурстың бірінші кезеңінде конкурс, Конкурс хатшысы конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады. Объектілік конкурсының қатысушылары және/немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурс өтініштері бар конвертті ашу рәсімдеріне қатысуға құқылы.

22. Конкурсқа қатысушыларды алдын ала іріктеуден кейін конкурстың бірінші кезеңінде конкурстық комиссия осы Қағиданың 45 тармағында аталған критерийлерді ескере отырып, әрбір объекті бойынша конкурс өтінімдерін бағалайды. Конкурс комиссиясы конкурстың бірінші кезеңі өткізілген күнінен кейінгі күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде конкурс қорытындысын шығарады және конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберілген конкурсқа қатысушыларды анықтайды.

Конкурстық комиссия хатшысы объектілік конкурстың бірінші кезең қорытындысының хаттамасын және объектілік конкурсының екінші кезеңін өткізу туралы хабарламасын «ҚТЖ» ҰК» Ақ-ның ресми сайтында осы Қағиданың 19 тармағында көрсетілген ақпаратпен жариялайды.

23. Объектілік конкурсқа конкурстық өтінімдер болмаған кезде, ресми сайтта конкурстық өтінімдердің болмауы себебінен конкурстың өткізілмегені туралы хабарландыру орналастырылады.

24. Объектілік конкурстың екінші кезеңі өткізілген жағдайда конкурстық комиссия осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес конкурстық өтінімді

толтырудың дұрыстығын және қатысушылар ұсынған тарифтік ставканың мөлшерін ескере отырып, әрбір объект бойынша конкурстық өтінімдерді бағалайды.

Объектілік конкурстың екінші кезеңін өткізу қажет болған кезде конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттама тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде объектілік конкурсты өткізу туралы хабарландыру орналастырылады.

Өткен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде конкурс комиссиясы конкурстың шешімін қорытындылап, конкурс хатшысы конкурстың екінші кезеңінің қорытындыларының хаттамасын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның (www.railways.kz).сайтына орналастырады.

**8.2.Конкурс өтінішін дайындау және мазмұны**

25. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген конкурс қатысушылары және (немесе) өкілдері, Объектілік конкурстың өткізілуі туралы көрсетілген хабарламаға сәйкес, Конкурс құжаттарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін, конкурс өтініштері түскен және Объектілік конкурсақа қатысушылар журналына конкурс өткізу басталғанға дейін 30 минут бұрын келіп, тіркелу рәсімінен өту қажет.

26. Осы Қағидаға 4- қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысушылар конкурс комиссиясына конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға өтінім ұсынады.

27. Конкурстың бірінші кезеңінен өткен конкурсқа қатысушылар конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары шығарылғаннан кейін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ www.railways.kz. сайтында жарияланған хабарлама мәтінінде көрсетілген, келесі күні осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін өтінімді конкурс комиссиясына береді.

28. Конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін конкурстық өтінімге келесі құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттармен қоса куәлігінің, мекеме және директоры туралы ақпарат, жеке тұлғаның-кәсіпкердің субъектісі ретінде тіркеу туралы құжатының нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе (www.egov.kz) ғаламтор дерек көзіне ресми сілтемесі бар заңды тұлғаның, жеке тұлғаның кәсіпкер субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің/құжатының электрондық көшірмесі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген шарттарға және қаржы құжаттарына қосымша сенімхатпен қол қоюға құқығы бар конкурс қатысушысы қызметкердің және/немесе басшыларының жеке куәліктерінің нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

3) Объектілік конкурс қатысушысының салық төлемінен және басқа да

бюджет төлемдерінен дебиторлық қарызының жоқтығы туралы салық органынан белгіленген нысандағы анықтамасы. Конкурс өтінімдері конверттерының ашылу күнінен анықтаманың берілу күні 30 (отыз) күннен артық асып кетпеуі тиіс;

4) мүліктік жалға алу объектісін ресімдеу бойынша, өлшемі, жылжымайтын мүлікті жалдау объектісінің безендіру материалдары жөнінде қысқаша техникалық ақпаратпен, 3D эскиздік жобасы (эдектронды және (немесе) қағазды түрде).

Барлық Конкурстық құжаттамалар қағаз түрде ұсынылады. Сонымен бірге, 3D эскиздік жобасы қағаз түрде, және электронды түрде (флеш карта, CD диск және т.б.) ұсынылады.

**8.3. Конкурс өтінімін ресімдеу**

29. Конкурс қатысушысының конкурс өтінімі (қағаз жүзінде) осы Қағиданың 28 тармағындағы 1) 6) тармақшаларында көрсетілген барлық құжаттарды мемлекеттік және орыс тілдерінде тігілген, әрбір парағы нөмірленген және конкурс құжаттарының соңғы бетінің артында конкурс құжаттарының нөмірленген және тігілген беттерінің саны, конкурс қатысушысының қолы және мөрімен куәландырылып, мөрі болмаған жағдайда «мөрі жоқ» түрінде ұсынылады.

Конкурс құжаттарының талаптарына және «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі жергілікті актілерімен бекітілген тиісті қызмет түрі үшін, темір жол вокзалдарында ұйымдастырылатын және көрсетілетін қызмет түріне сәйкес таңдалған мүліктік жалдау объектісінің техникалық сипаттамасын көрсететін түрлі-түсті форматта 3D эскизді жобасы (қағаз жүзінде және (немесе) электрондық форматта) дайындалады. Ақылы терминалдар мен вендингтік аппараттарға фото суреттері немесе жабдықтардың схемалық сызбалары рұқсат етіледі. Конкурстық құжаттар мен 3D эскиздік жобасы бірге ішкі конвертке салынып, содан соң сыртқы конвертке салынуы тиіс.

30. Бір конкурсқа қатысушы бірнеше объектіге конкурстық өтінім берген жағдайда, конкурсқа қатысушы осы Қағиданың 26, 28 – тармақтарына сәйкес бірыңғай конкурстық өтінім береді, бұл ретте (тігілген конкурстық құжаттар) әр объектіге конкурстық өтінімді тіркеуі қажет:

тиісті жарияланған объектіге темір жол вокзалдарында ұйымдастырылатын және көрсетілетін қызмет тәртібін жақсарту бойынша конкурс қатысушыларының ұсынысы (тігілген конкурстық құжаттар);

3D эскизді жобасы (конкурстық өтінімің ішкі конвертіна салынады).

31. Егер конкурсқа бір қатысушы объектілік конкурстың бірінші кезеңіне мақсат бағыты мен объект аумағы бірдей бірнеше объектілерге қатысуға конкурстық өтінім берген жағдайда, объект байқауының бірінші кезеңіне

қатысу үшін конкурстық өтінім қосымшаларына 3D эскиздік жобасын қосуға рұқсат етіледі (фотосуреттер, сызбалық сурет).

32. Қарындашпен қол қойылған конверттер мен объектілік конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға конкурстық өтінімдер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

**8.4. Конкурс өтінімі бар конвертті мөрлеу және таңбалау**

33. Объектілік конкурсқа қатысушы объектілік конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға конкурстық өтінімнің түпнұсқасын және 3D эскиздік жобаны ішкі конвертке (бірінші) жапсырады, ол конвертті желімдеу орнында объектілік конкурсқа қатысушының қолымен бекітіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке (екінші) мөрленеді, ол конвертті желімдеу орнында объектілік конкурсқа қатысушының қолымен бекітіледі.

Ішкі және сыртқы конверттер осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген үлгі бойынша толтырылуы тиіс.

34. Объектілік конкурстың екінші кезеңіне өтінім бір конвертке салынып, осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген үлгі бойынша толтырылады.

35. Конкурстық өтінімі бар конверттерді пошта ұйымының немесе жеткізу қызметінің (курьерлік қызметтердің) конвертіне салған кезде конвертте конверттің Объектілік конкурсқа ұсынылатындығы міндетті түрде белгіленуі тиіс. Пошта конверті немесе жеткізу қызметі (курьерлік қызметтер) конверті сыртқы конверт ретінде саналмайды.

**8.5. Конкурс өтінімін ұсынатын орны және түпкілікті уақыты**

36. Осы Қағиданың 28 тармағында көрсетілген, Конкурс өтінімі қосымша құжаттарымен конкурстың өтуі туралы хабарламада аталған мекен-жай бойынша Объектілік конкуосқа қатысушымен конкурс ұйымдастырушысына қолма-қол немесе пошталық жөнелтілім, жеткізу қызметі (курьерлік қызметтер) арқылы ұсынылады.

Конкурс өтінімі осы Қағиданың және конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес ұсынылуы қажет.

Конкурстық өтінімдердің бәрі конкурс ұйымдастырушыда қалады және конкурс қатысушыларына қайтарылмайды, конкурстық өтінімдер 3 (үш) жыл ағымында сақталады, сақталу мерзімі өткен соң жойылады.

37. Конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімдерді конкурстық комиссия қарамайды, конверт ашылмайды.

**8.6 Конкурс өтінімін қайтарып алу**

38. Конкурсқа қатысушы өтінімді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін

конкурстық өтінімді кері қайтарып алуға және жаңа конкурстық өтінімді беруге құқылы, бірақ 1 (бір) реттен артық емес.Қайтару туралы жазбаша хабарлама негізінде конкурс өтінімін өзгерту жасалады. Конкурс өтінімін оның ішінде өзгеріс енгізу үшін қайтарып алу өтінімдер мен конкурсқа қатысушыларды тіркеу журналына хатшымен жазылады. Әрбір қайтарып алу және қайта конкурстық өтінім тапсыру жарамды болып табылады, егер конкурстық өтінім ұсынудың түпкілікті мерзімі өтіп кеткенге дейін қабылдаса.

39.Конкурс өтінімін түпкілікті ұсыну уақыты аяқталған сәттен бастап конкурс өтінімін қайтарып алуға тыйым салынады.

**8.7. Конкурс өтінімі бар конвертті конкурс комиссиясының ашуы**

40. Конкурсқа қатысушылар және/немесе конкурсқа қатысушылардың уәкілетті өкілдері (конкурсқа қатысушының атынан сенімхат болған жағдайда) конверттерді ашу кезінде объектілік конкурсқа өзінің жеке қатысуын растай отырып, келіп түскен конкурстық өтінімдерді және объектілік конкурсқа қатысушыларды тіркеу журналында конкурс өткізу басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей тіркелуге тиіс.

41. Конкурс комиссиясы конкурс өтінімдері бар конвертті келген барлық конкурс қатысушыларының немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конверттерді ашуды бастауға белгіленген уақытқа дейін ашады, егер қатысушы конвертті ашуды бастаған уақыттан кейін келсе, онда ол берген өтінім оның конкурсқа қатысуынсыз қарастырылады.

Егер Объектілік конкурсқа қатысушының конверттері осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген үлгі бойынша толтырылмаса, сондай-ақ конверттерде конкурс кезеңінің нөмірі болмаса, конкурстық комиссия конверттерді ашпайды және конкурстық өтінімді қабылдамайды.

42. Конкурс комиссиясы конкурс өтінімдері бар конвертті ашатын кезде қатысушы тұлғаларға келесі ақпаратты хабарлайды:

объектілік конкурсқа қатысушы, Объектілік конкурсының қатысушысының атауы;

осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес ішкі және сыртқы конверттерді толтырудың дұрыстығы;

конкурс өтінімін құрайтын құжаттың бар – жоқтығы жөніндегі ақпаратты.

43.Конкурс өтінімдері бар конвертті ашу рәсімі осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес конкурстың комиссия хатшысы жасаған хаттамасына сәйкес рәсімделеді.

**8.8. Конкурс өтінімін салыстыру**

44. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді, ол осы Қағидалардың және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда, сондай-ақ ішкі және сыртқы конверттердің толтырылуы осы Қағидалардың 6-

қосымшасына сәйкес келмеген кезде қабылдамайды.

45.Конкурс комиссиясы конкурстың бірінші кезеңінде конкурстық өтінімдерді келесідей критериилер негізінде бағалайды:

конкурстық өтінімнің осы Қағидалардың және конкурстық құжаттамалардың сәйкестігіне;

объектінің берілген 3D дизайны тиісті темір жол вокзалдарының интерьерін, техникалық сипаттамалардың қол жетімділігі мен эстетикасын ескере отырып үйлестіру;

таңдалған объектіге арналған өнімдер мен қызметтердің кең ауқымы болуы;

қолданыстағы қызмет түріне сәйкес Объектілік конкурсқа қатысушымен қызметтер көрсету.

Конкурстық комиссия объектілік конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін келесі жағдайларда қабылдамауға құқылы:

Объектілік конкурсқа қатысушысының Дирекцияның және НЖС/ЛЖС-тың алдында соңғы 2 (екі) айда дебиторлық берешек дерегі анықталса;

конкурс ұйымдастырушысымен келісім-шарт (оның ішінде қосымша келісім шарттарменде) жасасудан бас тарту туралы деректердің қатысушысы тарапынан және біржақты тәртіппен бұзылған келісім шарттар (оның ішінде қосымша келісім-шарттарменде), қатысушының денсаулығының себептеріне байланысты бас тарту жағдайларын (бір күнтізбелік айдан асқан жағдайларды), қоспағанда, тиісті медициналық мекеме беретін құжатымен (еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамасы) расталған жағдайда;

конкурс ұйымдастырушысы тарапынан Объектілік конкурсқа қатысушыға наразылық пен ескерту деректері болса (кесімдер, хабарламалар және т.б.);

қарындашпен жазылған конкурстық өтінімдер болса;

салық органының белгіленген үлгідегі анықтамасына сәйкес салық төлеушілердің салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы салық берешегінің болуы.

Егер 3D эскиздік жобада теміржол вокзалы ғимаратының техникалық сипаттамалары мен қол жетіміділігі ескерілмеген болса, конкурс комиссиясы конкурстық өтінімді қабылдамауға құқылы.

46. Конкурс комиссиясы конкурстың екінші кезеңіне ұсынылған бір айға жалдау төлемі (бағасы) мөлшерінің өлшемі негізінде конкурс өтінімін бағалайды, бұл ай сайын Дирекция/ЛЖС-пен бекітілген жалдау ставкасынан төмен болмауы керек.

Конкурс комиссиясы Объектілік конкурстың екінші кезеңіне қатысуүшін конкурстық өтінімдерді қабылдамай тастайды, егер де Дирекция/ЛЖС-пен бекітілген жалдау ставкасынан, ұсынылған ең төменгі тарифтік мөлшерден

төмен болған жағдайда, сонымен қатар осы Қағиданың 5 қосымшасына сәйкес келмейді.

**8.9. Конкурс өтінімінің жеңімпазын анықтау және мүлікті жалға беру шартын жасасу**

47. Осы Қағиадының 5-қосымшасына сәйкес толтырылған конкурс өтінімінен, 1 шаршы метр/бірлікке бір айға жалдау төлемі мөлшерінің ең жоғары жалға алу мөлшерін (бағасы) ұсынған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

48. Конкурс комиссиясы конкурстың екінші кезеңінің қорытындысын өткізу барысында конкурсқа қатысушы орта жеткілікті болғанда, конкурс жеңімпазынан басқа, бағалау және төлемақының (бағасы) мөлшері бойынша және конкурсқа қатысуға оның берген өтінімінің шарттары бойынша салыстыру нәтижесі және бір айға 1 шаршы метр/бірлікке жалға алу мөлшері бойынша екінші орын алған қатысушысын анықтайды.

Жалға беру төлемінің ұсынылған мөлшері (бағасы) тең және конкурсқа қатысуға олар берген өтінімде талаптары тең болғанда (немесе бағалау қорытындылары мен салыстыру бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы) конкурсқа конкурстық өтінімін бұрын ұсынған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

**8.10. Орындалмаған Объектілер конкурстары бойынша әрекеттер**

49. Конкурс объектілері келесідей жағдайда орындалмаған болып есептеледі:

1) Объектілік конкурстың бірінші кезеңінде конкурстық өтінім болмағанда;

2) Объектілік конкурстың бірінші кезеңінде бір мүлікті жалға алу Обектісіне екіден кем конкурстық өтінім алу;

3) егер Объектілік конкурстың бірінші кезеңінің нәтижелерінен бас тартқаннан кейін, екі қатысушыдан кем болса;

4) егер Объектілік конкурстың қатысушы, жеңімпаз болып табылғаннан кейін, мүлікті жалға алу келісім-шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда;

50. Мүлікті жалға беру Объектілерінің барлығы, Объектілік конкурс болмаған жағдайда конкурс ұйымдастырушысы құқылы:

1) осы аталған мүлікті жалға беру Объектісіне қайтадан Объектілік конкурс өткізуге;

2) осы Қағиданың 49- тармағы 4) тармақшасында көрсетілгендей, егерде Объектілік конкурста, сол мүлікті жалға алу Объекті бойынша бағалау және салыстыру нәтижелерінен екінші орындағы қатысушымен келісім-шарт жасасуға;

3) осы Қағидалардың 49-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген

жағдайда, конкурстық өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурстық орта болмаған объектілер бойынша конкурстың жалғыз қатысушысымен бір көзден алу тәсілімен шарт жасасуға міндетті.

4) осы Қағидалардың 49-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, Дирекция/ЛЖС/НЖС алдында дебиторлық берешегі жоқ және объектілік конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары хаттамасының ресми сайтында орналастырылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берген тұлғамен мүліктік жалдау объектісін мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасасуға міндетті. Әлеуетті жалға алушы Дирекцияға/ЛЖС-қа өтініш береді, ол туралы комиссия хатшысы түскен күні мен уақытын, жалға алушының атауын, мүліктік жалдау объектісінің нөмірі мен атауын, теміржол вокзалының атауын көрсете отырып, өтінімдерді тіркеу журналына белгі қояды.

Өтінішке мүліктік жалдау объектілеріне ең төменгі тарифтік ставкадан (бағадан) төмен емес жалдау ақысының (бағаның) ставкасы бар баға ұсынысы және тізбесі осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі. Келіп түскен өтініштерді оң қарау туралы шешім конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді. Бұл ретте объектіні мүліктік жалдау (жалға алу) шарты хаттамаға қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жасалады.

Осы Қағиданың 49-тармағы 1-тармақшасында көрсетілгендей, егер объектілік конкурс екі немесе одан да көп өтпеген кезде, Дирекция НЖС/ЛЖС-қа Дирекция НЖС/ЛЖС алдында соңғы 2 (екі) жыл ішінде мерзімі өткен дебиторлы берешегі жоқ кез келген тұлғамен конкурстық рәсімдерді өткізбестен объектіні мүміктік жалдау (жалға беру) шартын жасасу туралы тапсырма береді. Бұл ретте Дирекция Вокзал шаруашылығы департаменті өткізген объектінің жазбаша ресімделген қажеттілігінің талдауы негізінде Дирекция директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасарының немесе оның орнындағы тұлғаның қолы қойылған НЖС/ЛЖС жазбаша түрде тиісті тапсырманы жібереді.

## 9. Бірыңғай оператордың мүліктік жалдау объектісін беру

### 9.1. Жалпы ереже

51. Бірыңғай оператор бірыңғай Мүліктік кешен ретінде жалдауға тиесілі Теміржол вокзалының барлық мүліктік жалдау объектілерін жалға алады.

52. Конкурс екі кезеңде өткізіледі. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу рәсімінде бірыңғай операторлары үшін конкурсқа қатысушылардың және/немесе Бірыңғай операторлар үшін Конкурсқа қатысушылардың уәкілетті өкілдерінің қатысуы міндетті болып табылады. Бірыңғай операторлар үшін Конкурстың әр кезеңінің қорытындылары

конкурстық комиссияның барлық мүшелері және тәуелсіз бақылаушылар қол қойған хаттама түрінде ресімделеді және «ҚТЖ»ҰК»АҚ ресми сайтында хаттамаға қол қойылған күнінен кейінгі күнінен кешіктірмей жарияланады. Бірыңғай операторлар үшін Конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес, екінші кезең осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

53. Бірыңғай операторлар үшін бірінші кезеңде конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық өтінімдер бар конвертті ашуды жүргізеді.

54. Конкурстық өтінімдер бар конвертті ашқаннан кейін Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңінде конкурстық комиссия осы Қағидаға 75-тармақта аталған критерийлерді ескере отырып, әр объекті бойынша конкурстық өтінімді қарастырады. Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңі өткізілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Конкурстық комиссия Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңінің қорытындысын шығарады және Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға жіберілген Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушыларды анықтайды.

Конкурстық комиссия хатшысы Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңінің хаттамасын және «ҚТЖ»ҰК»АҚ ресми сайтында Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңінің өткізілуі туралы хабарландыру орналастыру жұмыстарын жүргізеді.

55. Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа конкурстық өтінімдер болмаған жағдайда, Бірыңғай операторлар үшін конкурстың қорытындылары осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес конкурстық өтінімдер бар конвертті ашу хаттамасы түрінде ғана ресімделеді.

56. Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңіне Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңінен өткен Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушылар жіберіледі. Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңінде конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің дұрыс толтырылуын (осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес) және қатысушылардың ұсынған тарифтік мөлшерлемесінің ауқымын ескере отырып, конкурстық өтінімдерді бағалайды.

57. Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңі өткізілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Конкурстық комиссия Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңінің қорытындысын шығарады және Конкурстық комиссияның хатшысы Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңінің хаттамасын «ҚТЖ»ҰК»АҚ ресми сайтында (www.railways/kz) орналастырады.

### 9.2. Конкурстық өтінімді дайындау және мазмұны

58. Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысуға ниет білдірген бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушылар конкурс өтініштері түскен және бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушылар журналына тіркелу рәсімінен өту қажет.

59. Осы Қағидаға 4- қосымшаға сәйкес Бірыңғай операторлар үшін конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға өтінім ұсынады.

60. Бірыңғай операторлар үшін Конкурстың бірінші кезеңінен өткен Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушылар «ҚТЖ» ҰК» АҚ www.railways.kz. сайтында жарияланған хабарлама мәтінінде көрсетілген, келесі күні осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес Бірыңғай операторлар үшін конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін өтінімді конкурс комиссиясына береді.

61. Бірыңғай операторлар үшін Конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін Бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысу өтініміне келесі құжаттар қосып беріледі:

1) тиісті жарияланған объектіге темір жол вокзалдарында үйымдастырылатын және көрсетілетін қызмет тәртібін жақсарту бойынша бірыңғай операторлар үшін конкурсқа қатысушыларының ұсынысы;

2) конкурс қатысушысының қызметін таныстыру үлгісінде рәсімделген (Power Point ppt форматында қағаз түрінде) немесе қатысушының соңғы 2 (екі) жыл бойы немесе қызметінің басынан қызметінің тарихы, әр жылғы ақпараты көрсетілуі болуы қажет;

3) бірыңғай оператордың коммерциялық мүлікті басқару (оның ішінде брокер саласында) саласында, жарнама, дистрибуция саласында кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, сондай-ақ коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару процесіне, оның ішінде брокерге, жарнамаға, дистрибуцияға тартылатын қызметкерлердің болуы мен біліктілігін растайтын құжаттар;

4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттармен қоса куәлігінің, мекеме және директоры туралы ақпарат, жеке тұлғаның-кәсіпкердің субъектісі ретінде тіркеу туралы құжатының нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе (www.egov.kz) ғаламтор дерек көзіне ресми сілтемесі бар заңды тұлғаның, жеке тұлғаның кәсіпкер субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің/құжатының электрондық көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген шарттарға және қаржы құжаттарына қосымша сенімхатпен қол қоюға құқығы бар конкурс қатысушысы қызметкердің және/немесе басшыларының жеке куәліктерінің нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6)Объектілік конкурс қатысушысының салық төлемінен және басқа да бюджет төлемдерінен берешек қарызының жоқтығы туралы салық органынан

